2019 жылғы 15 сәуірде №141
«Samruk-Kazyna Construction» АҚ
директорлар кеңесінің отырысымен
Бекітілген

«Samruk-Kazyna Construction» АҚ
2018 жылғы
тұрақты даму бойынша есебі

Тұрақты даму саласындағы есеп туралы

Жылдық есеп құрамына енгізілген Қоғамның тұрақты даму саласындағы 2018 жылғы есебі GRI стандарттарына сәйкес дайындалды: негізгі нұсқа.

Есеп Қоғам Басқармасында, одан кейін Директорлар кеңесінің отырысында талқыланады және Жылдық есеп құрамында бекітіледі. Қоғам қызметкерлері мен сыртқы мүдделі тараптардың өкілдері арасында маңызды тақырыптарды өзектендіру үшін сауалнама жүргізілді.

Жүргізілген жұмыс негізінде маңызды тақырыптар матрицасы жасалды. Балдары ең жоғары тақырыптар маңызды деп танылды. Маңызды тақырыптар Есепте толық ашылған, оларды ашу үшін сілтеме GRI мазмұнының индексінде келтірілген.

2017 жылғы Есепте ашылған аспектілермен салыстырғанда, стейкхолдерлер сауалнамасының нәтижелері бойынша «Тікелей емес экономикалық әсерлер» және «Тұтынушының денсаулығы мен қауіпсіздігі» тақырыптары маңызды деп қосымша белгіленді, ал «Материалдар», «Сатып алу практикасы», «Әйелдер мен ерлерге тең сыйақы беру», «Кемсітушілікке жол бермеу», «Адам құқықтары мәселелеріне қатысты инвестициялар», «Тұтынушылардың жеке өміріне қол сұғылмаушылық» тақырыптары 2018 жылғы Есепте ашу үшін маңызды болудан қалды.

Маңызды тақырыптар бойынша ақпарат жинау шекаралары Есеп Қоғамның барлық анағұрлым маңызды әсерлерін сипаттайтын түрде айқындалған. Өткен есепті кезеңмен салыстырғанда ақпаратты жинау шекаралары айтарлықтай өзгерген жоқ.

Бұл Есеп сыртқы растаудан өткен жоқ.

БАЙЛАНЫС АҚПАРАТ

Осы Есеп бойынша сұрақтарыңыз бен ұсыныстарыңызды, сондай-ақ есептің қағаз нұсқасын алуға сұраныстарыңызды келесі мекенжайға жолдауға болады:

«Samruk-Kazyna Construction» АҚ
010000, Астана қ., «Есіл» ауданы, Е 10-к., 17/10-үй
Тел.: +7 7172 570210 (қабылдау бөлмесі), факс +7 7172 575522, astana@fnsk.kz.

Қоғам өкілдігі Алматы қаласында келесі мекенжайда орналасады: Райымбек даңғылы, 481В.

ҚОҒАМНЫҢ ТҰРАҚТЫ ДАМУЫ

- Тұрақты дамуды басқару
- Маңызды тақырыптарды айқындау
- Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл жасасу
- Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-әрекет
- Мемлекеттік саясатты қолдау
- Жауапты жеткізу тізбегі
- Қоршаған ортаны қорғауға әсер етуді басқару
- Кадр әлеуетін дамыту
- Қатысу өңірлеріндегі экономикалық әсер
- Демеушілік пен қайырымдылық

Тұрақты дамуды басқару

Қоғамда Тұрақты даму саясатын іске асырудың мақсаттары:

- қоғамның экономикалық, әлеуметтік және экологиялық салаларда тұрақты дамуына Қоғамның үлесін арттыру;
- мүдделі тараптармен өзара іс-қимылды дамыту және олардың тарапынан Қоғамға деген сенімді арттыру;
- еңбек тиімділігін арттыру және Қоғам қызметкерлерінің әлеуетін іске асыру үшін қолайлы жағдай жасау;
- корпоративтік басқару жүйесін дамыту, бизнес процестерді жүргізудің ашықтығын арттыру.

БҰҰ Жаһандық шартының қағидаттарын мойындай отырып, Қоғам өз қызметінде мынадай қағидаттарды ұстанатынын мәлімдейді:

адам құқықтарын қорғау саласында	• халықаралық деңгейде жарияланған адам құқықтарын қорғауды қамтамасыз етеді және құрметтейді; • адам құқықтарының бұзылуына қатыспауды қамтамасыз етеді.
еңбек қатынастары саласында	• жиналыстар еркіндігін қолдайды және ұжымдық шарттар жасау құқығын мойындайды; • міндетті немесе мәжбүрлі еңбекті жоюға ықпал етеді; • балалар еңбегін жоюға ықпал етеді; • еңбек және жұмыспен қамту саласындағы кемсітушілікті жоюға ықпал етеді.
қоршаған ортаны қорғау саласында	• қоршаған ортаға теріс әсерлердің алдын алуға ықпал етеді; • бастамаларды қабылдайды және экологиялық жауапкершілікті таратуға ықпал етеді; • экологиялық қауіпсіз технологияларды дамытуға және таратуға жәрдемдеседі.
сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес саласында	• бопсалау мен парақорлықты қоса алғанда, сыбайлас жемқорлықтың барлық нысандарына және басқа да құқыққа қарсы әрекеттерге төзбеушілік туралы мәлімдейді.

«Самұрық-Қазына» АҚ Корпоративтік басқару кодексіне, Тұрақты даму саласындағы саясатқа сәйкес Қоғамда тұрақты даму саласындағы басқару жүйесі құрылды, ол:

1) Директорлар кеңесі, атқарушы орган және қызметкерлер деңгейінде тұрақты даму қағидаттарына бейімділікті;

2) ішкі және сыртқы жағдайды үш құрамдас бөлік бойынша (экономика, экология, әлеуметтік мәселелер) талдауды;

3) әлеуметтік, экономикалық және экологиялық салаларда тұрақты даму саласындағы тәуекелдерді айқындауды;

4) мүдделі тараптардың картасын жасауды;

5) тұрақты даму саласындағы мақсаттар мен ҚНК анықтауды, іс-шаралар жоспарын әзірлеу және жауапты тұлғаларды айқындауды;

6) тәуекелдерді басқаруды, жоспарлауды, адам ресурстарын басқаруды, инвестицияларды, есептілікті, операциялық қызметті және басқаларды қоса алғанда, тұрақты дамуды түйінді процестерге, сондай-ақ даму стратегиясы мен шешімдер қабылдау процестеріне ықпалдастыруды;

7) лауазымды адамдар мен қызметкерлердің тұрақты даму саласындағы біліктілігін арттыруды;

8) тұрақты даму саласындағы іс-шараларды тұрақты мониторингілеу және бағалау, мақсаттарға қол жеткізуді және ҚНК бағалау, түзету шараларын қабылдау, ұдайы жақсартулар мәдениетін қамтиды.

2018 жылғы маусымнан бастап күшіне енген жаңа GRI стандарттарына байланысты, Қоғам Директорлар кеңесінің мүшелеріне түсініктеме берді.

Директорлар кеңесі мен Басқарма тұрақты даму саласында тиісті жүйені қалыптастыруды және оны енгізуді қамтамасыз етеді. Барлық деңгейдегі қызметкерлер мен лауазымды тұлғалар тұрақты дамуға үлес қосады.

Қоғам Басқармасы жанынан консультациялық-кеңесші орган - Тұрақты даму жөніндегі комитет құрылды, оның негізгі міндеті - тұрақты даму саласындағы саясат пен рәсімдерді әзірлеу, сондай-ақ Басқарманың қарауына тұрақты даму жүйесін іске асыру жөніндегі ұсыныстарды енгізу болып табылады. Тұрақты дамуға жетекшілік ететін басқарушы директор Комитет төрағасы болып табылады.

Тұрақты даму саласындағы есепте біз қоршаған ортаға, қоғам мен экономикаға біздің ықпалымыз (оң және теріс) туралы ақпаратты ашуға тырысамыз.
Осы бағыттарда қабылданатын шаралар ұзақ мерзімді тұрақтылыққа қол жеткізу, Компанияның экономикалық тиімділігі мен әлеуметтік тұрақтылығын қамтамасыз ету тұрғысынан неғұрлым оң әсер етеді.

Тұрақты даму жөніндегі саясатты іске асыра отырып, Қоғам Корпоративтік басқаруды жетілдіру жөніндегі жоспар шеңберінде тұрақты даму саласындағы іс-шараларды жүзеге асыруды көздейді. Осылайша, 2018 жылы тұрақты даму бойынша жоспарланған 14 іс-шараның 12-і орындалды. Тұрақты даму саласындағы іс-шараларды іске асыру мәселелері тоқсан сайын Директорлар кеңесінің отырыстарында талқыланды.

2019 жылы жоспарланған іс-шараларды іске асыру жалғасады.

Маңызды тақырыптарды айқындау

Тұрақты даму саласындағы есептің мазмұнын айқындау үшін жыл сайын тұрақты даму саласындағы мүдделі тараптарға сауалнама жүргізіледі. 2018 жылы сауалнама жүргізу арқылы GRI Standards сәйкес стейкхолдерлерге сауалнама жүргізілді. Сауалнамаға алғаш рет орталық атқарушы органдардың өкілдері қатысты. Сауалнамаға қатысқан стейкхолдерлердің толық тізбесі осы есепке қосымшаларда орналастырылған.

Сауалнама қорытындысы бойынша Қоғам мен стейкхолдерлер үшін аспектілердің маңыздылығының арақатынасын бейнелейтін анықталған аспектілер маңыздылығының матрицасы әзірленді.

Матрицаның көлденең өсі бойынша аспектілер олардың Қоғам үшін маңыздылығы дәрежесіне қарай, ал тік өсі бойынша мүдделі тараптардың бағалауына қарай сараланады.

Маңызды аспектілерді саралау стейкхолдерлердің басымдықтарын нақты түсіну негізінде олармен өзара іс-қимылды конструктивті қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Анықталған аспектілердің нәтижелеріне сүйене отырып, ақпаратты ашу келесі тақырыптар бойынша жүзеге асырылады:

Бағалау 5 балдық шкала бойынша жүргізілді, ашу үшін басым тақырыптар тізіміне 3,5-тен 5-ке дейінгі ең жоғары бағамен тақырыптар енгізілді:

<u>4-тен 5-ке дейінгі бағамен аспектілер:</u>
- GRI 201 – Экономикалық көрсеткіштер
- GRI 416 – Тұтынушының денсаулығы мен қауіпсіздігі
- GRI 415 – Мемлекеттік саясат
- GRI 417 - Маркетинг және Таңбалау

<u>43,9-дан 4-ке дейінгі бағамен аспектілер:</u>
- GRI 203 – Тікелей емес экономикалық әсерлер
- GRI 205 – Сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет
- GRI 404 – Дайындық пен білім беру

<u>3,5-тен 3,9-ға дейінгі бағамен аспектілер:</u>
- GRI 307 – Талаптарға сәйкестік
- GRI 305 - Шығарындылар

Мүдделі тараптармен тиімді өзара әрекеттесу

Қоғам мүдделі тараптармен құрмет пен өзара тиімді ынтымақтастыққа негізделген өзара іс-қимылдың тиімді жүйесін құруға ұмтылады.

Қоғам стейкхолдерлердің үлесі мен олардың мүдделерін сипаттай отырып, өз қызметі процесінде өзара іс-қимылды жүзеге асыратын стейкхолдерлердің толық тізбесін белгілейді. Мүдделі тараптардың маңыздылығын бағалау кезінде* стейкхолдерлердің Қоғам үшін екі фактор бойынша (мүдделі тараптың Қоғамға әсер ету күші және стейкхолдерлердің қоғам қызметіне мүдделілік дәрежесі) маңыздылығына қарай саралау жүргізіледі.

Қоғамның мүдделі тараптары (стейкхолдерлері) Қоғамның тұрғын үй жайларын сатып алушылар мен жалға алушылар, Қоғам қызметкерлері, Жалғыз акционер мен Директорлар кеңесі, еншілес және тәуелді ұйымдар, бас мердігерлер мен құрылыс салушылар, сенімгерлік басқарудағы кәсіпорындар[1], тапсырыс берушілер[2], жергілікті атқарушы органдар мен мемлекеттік органдар, қаржы институттары, бұқаралық ақпарат құралдары және әлеуметтік желілерді пайдаланушылар болып табылады. Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл қағидаттары мен рәсімдері Мінез-құлық кодексін және Тұрақты даму саясатын қалыптастырады.

«Samruk-Kazyna Construction» АҚ стейкхолдерлер картасы

[1] 30.11.2018 ж. және 29.12.2018 ж. сенімгерлік басқару туралы шарттарға қол қойылғанына байланысты.

[2] Атом өнеркәсібі мен атом энергетикасын қоспағанда, «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ тобының еншілес компаниялары үшін 2025 жылдың соңына дейін 2019 жылдың 1 наурызынан бастап инженерлік іздестіру саласындағы қызмет түрін жүзеге асыруға байланысты және осы салада техникалық консультациялар беруге байланысты.

«Samruk Kazyna Construction» АҚ стейкхолдердер картасы

Қоғам коммуникациялардың әртүрлі арналарымен және мақсатты топтармен жұмыс істеу тетіктері белгіленген Корпоративтік коммуникациялар тәртібін басшылыққа алады.

№	Стейкхолдерлермен өзара іс-қимыл стратегиясы	Өзара іс-қимыл әдістері мен тетіктері
1	**Единственный акционер**	
	Негізгі шешімдерді тиімді қабылдауға бағытталған корпоративтік басқару қағидаттары шеңберінде Жалғыз акционердің құқықтарын іске асыруды қамтамасыз ету.	Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының, Қоғам Жарғысының, ішкі нормативтік құжаттарының, Компанияның жоспарлары, жетістіктері туралы қосымша мәліметтердің, есептердің, тұсаукесерлердің талаптарына сәйкес қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижелері туралы ақпаратты орналастыру үшін Қоғамның корпоративтік сайты мен әлеуметтік желілері пайдаланылуы мүмкін. Басқарушылық есептер. Қаржылық есептер. Жылдық есеп. Кездесулер. Интернет-сайт. Хат алмасу және сұрау салулар.
2	**Директорлар кеңесі**	
	Қоғам қызметінің басым бағыттарын, Даму стратегиясын анықтау.	Жалпы ақпаратты интернет-ресурстарда, атап айтқанда Қазақстан Республикасының заңнамасына және Қоғамның ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес Қоғамның корпоративтік сайтында орналастыру (қажет болған жағдайда). Директорлар кеңесінің отырыстары. Басқарушылық есептер. Қаржылық есептер. Жылдық есеп.
4	**Басқарма**	
	Қоғамның ағымдағы қызметін басқару	Жалпы ақпаратты интернет-ресурстарда, атап айтқанда Қазақстан Республикасының

		заңнамасына және Қоғамның ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес Қоғамның корпоративтік сайтында орналастыру (қажет болған жағдайда). Басқарманың отырыстары. Басқарушылық есептер. Қаржылық есептер. Жылдық есеп. Хат алмасу мен сұрау салулар
3	**Қызметкерлер**	
	Білікті және дәлелді персоналды қалыптастыруға бағытталған ашық, айқын кадр саясатын жүргізу. Барлық қызметкерлерге еңбек қызметі процесінде олардың әлеуетін іске асыру үшін тең мүмкіндіктерді қамтамасыз ету, олардың нәтижелерін әділ және бейтарап бағалау, қызметкерлерді тек кәсіби қабілеттері, білім мен дағдылары негізінде іріктеу және мансаптық өсіру. 2018 жылы Қоғам қызметкерлері мен жұмыс беруші арасында ұжымдық шартқа қол қойылды, ұжымдық шартпен қызметкерлердің 100%-ы қамтылды.	Қоғамның кадр саясатын іске асыруды ақпараттық қамтамасыз ету, қызметкерлерді конкурстық іріктеу нәтижелерін жариялау үшін интернет-ресурстар, атап айтқанда корпоративтік сайт пайдаланылуы мүмкін. Басшылықтың қызметкерлермен кездесуі. Тренингтер мен семинарлар. Корпоративтік іс-шаралар. Жыл сайынғы нәтижелілік шолулары. Сауалнама жүргізу және сауалдау. Корпоративтік БАҚ.
4	**Тең-инвесторлар**	
	Пайда алу мақсатында жобаларды іске асыруға инвестициялар тарту.	Жеке секторды құрылысқа тартудың шетелдік және отандық тәжірибесі туралы ақпаратты тарату, Қоғамның мемлекеттік-жекешелік әріптестікті дамытуы, интернет-ресурстар, атап айтқанда корпоративтік сайт, әлеуметтік желілер, корпоративтік БАҚ арқылы іскерлік іс-шараларға (бизнес-форумдар, конференциялар, іскерлік кеңестер, көрмелер және т.б.) қатысу. Жобалау мәселелері. Шарттар.
5	**«СҚ Девелопмент» ЖШС, «Менеджмент ЖМҚ» ЖШС**	
	Еншілес тәуелді ұйымның акционері/ құрылтайшысы ретінде өз құқықтарын іске асыру	Еншілес тәуелді ұйымның ақпараты интернет-ресурстарда, атап айтқанда корпоративтік сайтта, Қоғамның, еншілес ұйымдардың әлеуметтік желілерінде орналастырылады. Басқарушылық есептер. Кездесулер. Қатысушылардың жалпы жиналысы. Өндірістік қызмет бойынша есептер.
6	**Бас мердігерлер**	
	Құрылыс саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру шеңберінде шарттар жасасу, шарттық қатынастардың орындалуын бақылау	Корпоративтік сайтта, әлеуметтік желілерде, БАҚ-та баспасөз хабарламаларын, жаңалықтарды, мақалаларды, сұхбаттарды және басқа да материалдарды орналастыру арқылы Қоғамның жобаларды іске асыруы туралы мақсатты аудиторияны хабардар ету. Жобалау мәселелері. Іскерлік серіктестермен және жеткізушілермен кездесулер. Конференциялар мен іс-шараларға қатысу.

7	**Сенімгерлік басқарудағы кәсіпорындар**	
	Шарттар жасасу, шарттық қатынастардың орындалуын бақылау	Корпоративтік сайтта, әлеуметтік желілерде, БАҚ-та баспасөз хабарламаларын, жаңалықтарды, мақалаларды, сұхбаттарды және басқа да материалдарды орналастыру арқылы Қоғамның жобаларды іске асыруы туралы мақсатты аудиторияны хабардар ету. Жобалау мәселелері. Шарттар. Есептер мен хат алмасулар.
8	**Тапсырыс берушілер**	
	Шарттар жасасу, шарттық қатынастардың орындалуын бақылау	Корпоративтік сайтта, әлеуметтік желілерде, БАҚ-та баспасөз хабарламаларын, жаңалықтарды, мақалаларды, сұхбаттарды және басқа да материалдарды орналастыру арқылы Қоғамның жобаларды іске асыруы туралы мақсатты аудиторияны хабардар ету. БАҚ Шарттар. Есептер мен хат алмасулар.
9	**Жеткізушілер**	
	Шарттар жасасу, шарттық қатынастардың орындалуын бақылау	Өткізілетін сатып алулар, олардың нәтижелері туралы ақпараттық хабарламалар интернет-ресурстарда, атап айтқанда Қоғамның корпоративтік сайтында орналастырылады. Шарттар. Сатып алу ережелері және өткізілетін сатып алулар туралы ақпарат. Жеткізушілерден түскен өтініштерді қарау.
10	**Сатып алушылар/жалға алушылар**	
	Сатып алушылардың/жалға алушылардың ҚР ҚНжЕ сәйкес сапалы және қолжетімді тұрғын үй сатып алуда болжалдарын, жайлылыққа, қауіпсіздікке және үнемділікке қойылатын талаптардың сақталуын қамтамасыз ету.	Корпоративтік сайтты, әлеуметтік желілерді пайдалану, e-mail тарату, мессенджерлер, Басқарма Төрағасының блогы арқылы баспасөз хабарламаларын, мақалаларды, есептерді, сауалнамаларды және басқа да ақпараттық хабарламаларды жариялау, сондай-ақ колл-орталық арқылы кеңес беру, арнайы іс-шараларды, акцияларды, жарнамалық науқандарды және т. б. өткізу арқылы Қоғамның қызметі туралы мақсатты аудитория арасында ақпараттық-түсіндіру жұмысы. Жалдау/сатып алу құқығымен жалдау/сату шарттары. Клиенттердің қанағаттану шолулары.
11	**Мемлекеттік органдар, ЖАО**	
	Тұрғын үй құрылысы, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылықты басқару, объектілер құрылысының мониторингі, техникалық аудит, мемлекеттік сараптама жүргізу, объектілерді пайдалануға қабылдау мәселелері бойынша өзара іс-қимылды жүзеге асыру. Пайдалануға берілген тұрғын үйлерді ЖАО-да кезекте тұрғандарға сату туралы келісімдер жасасу. Қоғам 2018 жылдың соңында «Нұрлы жер»	Тұрғын үй құрылысының мемлекеттік бағдарламасын (кеңестер, кездесулер, көпшілік тыңдаулар, есептер, сұхбаттар, сөз сөйлеулер, жұмыс топтары, форумдар, конференциялар және т.б.) іске асыруда Қоғам қызметін ақпараттық жариялау үшін интернет-ресурстар, атап айтқанда корпоративтік сайт, әлеуметтік желілер пайдаланылуы мүмкін. Хат алмасу және сұрау салулар. Заңнамалық және нормативтік реттеу мәселелері бойынша мемлекеттік органдармен

	мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде тұрғын үй-жайларды бөлу бойынша ынтымақтастық туралы келісім жасасу туралы ұсыныстарды 4 әкімдікке: Алматы, Ақтау, Ақтөбе және Семей қалаларының әкімдіктеріне жіберді. Келісімдер 2019 жылы жасалады деп күтілуде.	жұмыс жүргізу. Жұмыс топтарына, форумдарға, конференцияларға қатысу.
12	**БАҚ, Қоғамның әлеуметтік желілерін пайдалану**	
	Көпшіліктің Қоғамның қызметі туралы оң пікірін қалыптастыру.	PR-бағдарламаларды іске асыру жолымен ақпараттық қызметті ұйымдастыру және БАҚ-та, корпоративтік сайтта және әлеуметтік желілерде баспасөз хабарламаларын, жарияланымдарды, есептерді, сұхбаттарды, фото және бейнематериалдарды, презентацияларды тарату жолымен Қоғамның күшті жақтарын және мүмкіндіктерін мақсатты аудиторияға жеткізу. Интернет-сайт. Баспасөз хабарламалары, баспасөз конференциялары мен брифингтер. Жылдық есеп. Конференциялар мен саммиттер.
13	**Қаржы институттары**	
	Шарттар жасасу, шарттық қатынастардың орындалуын бақылау (депозиттік шоттарға ақша қаражатын орналастыру, банктік қызмет көрсету, арнайы шоттарға қызмет көрсету).	Қазақстан Республикасының заңнамасына және Қордың ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес интернет-ресурстарда, атап айтқанда Қоғамның корпоративтік сайтында шоғырландырылған қаржылық есептілікті, бекітілген дивидендтердің мөлшері туралы ақпаратты және басқа да ақпаратты жариялау. Шарттар. Қаржы институттарында ақша қаражатын орналастыру.

Тұрақты даму саласындағы негізгі көрсеткіштер

Құрылған және бөлінген тікелей экономикалық құн, мың теңге

Көрсеткіш	2016	2017	2018
Жалпы капиталдандыру	36 605 679	39 995 285	39 567 822
меншікті капитал	36 605 679	39 995 285	39 567 822
қарыз капиталы	-	-	-
Мемлекеттен алынған қаражат[3]	-	-	-
Құрылған экономикалық құн	**24 256 709**	**21 794 861**	**27 534 119**
негізгі қызметтен түсетін табыс	17 188 159	18 348 723	22 322 765
негізгі емес қызметтен түсетін табыс	7 068 550	3 446 138	5 211 354
Бөлінген экономикалық құн:	**21 744 550**	**19 692 994**	**23 462 801**
еңбекақы төлеу бойынша шығыстар	747 380	776 101	727 720
Жалғыз акционерге төленген дивиденттер	220 079	613 390	1 151 138
мемлекеттік бюджетке салықтар мен алымдар бойынша шығыстар	2 413 398	1 828 207	1 988 278
қайырымдылық және демеушілік көмек	-	-	-
өзге де операциялық шығыстар	16 471 202	14 925 356	18 027 376
өзге де операциялық емес шығыстар	1 892 491	1 549 940	1 568 289
Бөлуге экономикалық құн	2 512 159	2 101 867	4 071 318

Персонал саласындағы негізгі көрсеткіштер

Көрсеткіш	2016	2017	2018
Қызметкерлердің жалпы саны	72	72	102
Бөлімшелердің жалпы саны	16	17	15
Еңбек шарты бойынша	68	67	68
Қызмет көрсету шарттары бойынша	30	33	23
Әйелдер	51	52	39
Ерлер	47	48	52
Кадрлардың тұрақтамауы, %	48%	40%	36%
Жалақы қоры (оның ішінде ЖҚ-ға кіретін жеңілдікті төлемдер мен біржолғы сыйақылар, жылдық сыйақы) (мың теңге)	547 319	465 393	514 400

[3] Қоғамда Бас компанияның («Самұрық-Қазына» АҚ) Кредиттік желілері бар

Әлеуметтік сипаттағы төлемдер қоры (мың теңге)	9 406	10 777	12 142
Әлеуметтік салық (мың теңге)	75 356	74 578	60 548

Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-әрекет

2018 жылғы 17 мамырда Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімімен Комплаенс-бақылаушы тағайындалды.

Оның қызметінің негізгі мақсаты сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі саясатты айқындау, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін бағалауды қоса алғанда, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі іс-шаралардың іске асырылуын бақылауды жүзеге асыру болып табылады. 2018 жылы Комплаенс-бақылаушы сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг жүргізді, оның нәтижесінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді бұзу фактілері, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасады деп танылған тұлғалар анықталмады, сондай-ақ келесі ұсынымдар әзірленді:

1) Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің, прокуратураның, құқық қорғау органдарының өкілдерін тарта отырып, Қоғам қызметкерлері арасында семинарлар, дөңгелек үстелдер өткізу жолымен сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру жұмысын жалғастыру;

2) Қоғам қызметкерлері арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама мәселелері бойынша тұрақты негізде түсіндіру жұмыстарын жүргізу.

2018 жылғы 10 желтоқсанда Директорлар кеңесінің шешімімен құндылықтарды, негізгі мінез-құлық қағидаттары мен стандарттарын белгілейтін Тәртіп кодексі бекітілді. Қоғам Тәртіп кодексін басшылыққа ала отырып, барлық мүдделі тараптардың мүдделерін қорғауды қамтамасыз етеді. Тәртіп кодексі корпоративтік мәдениетті дамытуға және Компанияның нарықтың ашық және адал қатысушысы ретінде беделін нығайтуға бағытталған.

2018 жылдың желтоқсан айында Комплаенс-бақылаушы «Самұрық-Қазына» АҚ-мен бірлесіп, Астана қаласы бойынша Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі департаментінің басшысын шақырумен «Қазақстан Республикасының қазіргі заманғы сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаты» тақырыбында семинар ұйымдастырды.

Қоғам өз қызметінде адам құқықтарын мүлтіксіз сақтайды. Компания ұлты, жынысы, шығу тегі, жасы және өзге де негіздер бойынша кемсітушілікке жол бермейді, қызметкерлердің өз құқықтары мен мүдделерін қорғау үшін қоғамдық бірлестіктер мен ұйымдарды құру құқығын мойындайды.

Есепті кезеңде Қоғамда қандай да бір белгі бойынша кемсітушілік жағдайлары тіркелген жоқ.

Қоғамның стратегиялық мақсаттары және оның қызметін жүзеге асыру сыбайлас жемқорлықтың кез келген көріністерімен үйлеспейді. Қоғам сыбайлас жемқорлыққа және алаяқтыққа қарсы іс-қимылды, мүдделі тараптармен өзара іс-қимылды қамтамасыз етудің қажетті факторлары ретінде корпоративтік жанжалдар мен мүдделер қақтығысын болдырмауды, сенімді корпоративішілік қатынастар құруды қоса алғанда, бизнесті адал жүргізуді ұстанады.

Сыбайлас жемқорлыққа және алаяқтыққа қарсы іс-қимыл кезінде Қоғам мынадай қағидаттары негізге алады:

- заңдылық және этика;
- кез келген формадағы және көріністердегі сыбайлас жемқорлық пен алаяқтықты, соның ішінде мүдделер қақтығысын қабылдамау;

- корпоративтік басқарудың барлық деңгейлерінде сыбайлас жемқорлық және алаяқтық іс-әрекеттер көріністеріне ымырасыз қарым-қатынас;
- жасалған сыбайлас жемқорлық және алаяқтық құқық бұзушылықтар үшін жазалаудың бұлтартпастығы.

Заңсыз кірістерді жылыстатуға қарсы іс-қимыл жөніндегі рәсімдер Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес реттеледі.

2016 жылдан бастап «Самұрық-Қазына» АҚ портфельдік компаниялар қызметкерлері арасында жедел желі жұмыс істейді. Жедел желі қызметкерлер немесе үшінші тұлғалар заңнаманы, құқықтық нормаларды, ішкі саясатты бұзудың кез келген фактілері және қызметкерлердің немесе бизнес-серіктестердің әдепке сай емес мінез-құлқы туралы мәселелерді көтере алатын немесе хабарлай алатын құпия және қауіпсіз тәсілді қамтамасыз етеді. Жедел желінің 8 800 080 19 94 жеке телефон нөмірі, sk.hotline@deloitte.kz арнайы электрондық поштасы бар, ал байланыс қызметтерін тәуелсіз провайдер ұсынады. Қызметкерлерді жедел желінің жұмысы туралы хабардар ету кезеңкезеңмен жүргізіледі. 2018 жылы Қоғамға қатысты заңнаманы бұзу туралы өтініштер мен шағымдар түскен жоқ.

Мемлекеттік саясатты қолдау

Бекітілген 2018-2028 жылдарға арналған даму стратегиясына сәйкес Қоғам жеткілікті ресурстары, сенімді серіктестердің кең ауқымы және жобаларды, құрылыс пен жылжымайтын мүлікті тиімді басқару үшін құзыреттері мен тәжірибесі бар ұйым болуға тырысады. Осыған байланысты Қоғам тұрғын үй құрылысы және жеке құрылыс салушыларды қолдау саласында мемлекет жүзеге асыратын саясатты қолдайды.

Қоғам бизнес ұсынылған экономика салаларына сектордың араласпауын жариялайтын Yellow Pages Rule принциптерін сақтайды. Квазимемлекеттік компания ретінде Қоғам өз қызметін Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 28 желтоқсандағы № 1095 қаулысымен бекітілген қызмет түрлерінің тізбесіне сәйкес жүргізеді.

Жауапты жеткізу тізбегі

Қоғамның сатып алу қызметі саласындағы негізгі мақсаты – барлық бөлімшелердің тұрақты жұмыс істеуі үшін оларды сатып алудың оңтайлы шарттарымен ресурстарға қажеттілікті уақтылы, тиімді және толық қамтамасыз ету.

Қоғамда ақпараттық ашықтық, айқындық, тең құқылық және адал бәсекелестікті дамыту қағидаттарына негізделген тиімді сатып алу жүйесі құрылды. Сатып алу рәсімдері ашық, айқын, стандартталған және қарапайым.

Қоғамның сатып алу қызметінің басымдықтары:

- «Самұрық-Қазына» АҚ Компаниялар тобының мүгедектер ұйымдарының тізілімінде тұрған мүгедектер ұйымдарынан тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алу;
- «Самұрық-Қазына» АҚ Компаниялар тобының тауар өндірушілері тізілімінде тұрған сатып алынатын тауар өндірушілерінен тауарларды сатып алу;
- білікті әлеуетті жеткізушілер арасында сатып алуды жүзеге асыру.

Қоғамда өнім берушіні таңдау келесі тәсілдермен жүзеге асырылады:

- ашық тендер жүргізу (соның ішінде бағасы төмендейтін сауда-саттықты пайдалану арқылы);
  - баға ұсыныстарын сұрату (соның ішінде бағасы төмендейтін сауда-саттықты пайдалану арқылы);
  - бір көзден сатып алу арқылы.

№ п/п	Сатып алу тәсілі[4], сома, мың теңге						
	ЭОТТ	ЭОТ	ОТ	ОИ	ЦПЭ	Резиденттер	Резидентттер емес
2015	166 946	7 583 430	1 801 454	298 106	14 317	9 856	8 670,00
2016	121 718	12 447 035	0,00	415 748	34 420	13 018	0,00
2017	39 904	-	-	492 248	36 916	550 404	18 664
2018	191 343	-	-	226 604	38 592	456 539	0

Компанияның тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алу құрылымы

Жыл	Сома, мың теңге		
	Тауарлар	Жұмыстар	Қызметтер
2015	98 442	9 342 229	423 582
2016	87 599	12 689 028	242 295
2017	74 016	152 885	323 503
2018	156 686	17 346	280 207

Көрсеткіш	**2015**	**2016**	**2017**	**2018**
Жергілікті жеткізушілерден сатып алуға жұмсалатын сатып алу бюджетінің үлесі, %	99,91	100	96,7	100
Импорттық сатып алу үлесі, %	0,09	0	3,3	0

Тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің контрагенттерін таңдау кезінде тауарлардың құны, сапасы, жеткізу/жұмыстарды орындау мерзімдері, тиісті техникалық және кадрлық ресурстардың, тиісті бағыт бойынша жұмыстарды орындаудың/қызметтерді көрсетудің қажетті тәжірибесінің болуы бөлігінде контрагенттің сенімділігі базалық өлшемдер болып табылады.

Қоршаған ортаны қорғауға әсер етуді басқару

Қоғам экологиялық тепе-теңдікті сақтау және қоршаған ортаға ұқыпты қарау қажеттігін сезіне отырып, қоршаған ортаны қорғау жөніндегі қызметті өзінің ағымдағы жұмысының маңызды бөлігі ретінде қарастырады.

Құрылыс сапасын бақылау шеңберінде Қоғам құрылыс салушылардың құрылыс алаңдарында құрылатын қоршаған ортаға жанама шығарындыларға мониторинг жүргізеді.

Құрылыс объектісі ауа ортасына үлкен теріс әсер етеді. Көбінесе жағдай құрылыс алаңдарының құрылыс салынған аумақтардың атмосфералық ауасына және халықтың

[4] **Сатып алу тәсілдерінің қысқартылған сөздерін ашып жазу:**

ЭОТТ - бағасы төмендейтін ашық тендер тәсілімен электрондық сатып алулар

